

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
«МУЗЫКА ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК БІЛІМ» КАФЕДРАСЫ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы

**«Көркем еңбек пәні негізінде оқушыларды ұлттық құндылықтарға
тәрбиелеудің мүмкіндіктері және халықтық кәсіпшілік»**

Бағдарлама авторы:

Таттибаева Гулжан Берликовна-п.ғ.м., М.Х.Дулати атындағы Тараз
университетінің «Музыка және көркемдік білім» кафедрасының аға
оқытушысы

Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж. №365 бұйрығымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136>, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030654>);

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бағдарламаның мазмұны-өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

«Көркем еңбек» сабағында жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға еңбек арқылы тәрбиелеуді жүзеге асыруды қарастырады. Тәрбиелік мәні бар дәстүрлер мен көнерген қолөнерімізді қайта жандандырып оны көркем өңдеп, күнделікті тұрмыста, отбасында, ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор. Бұл оқушыларды болашақ мамандығын дұрыс таңдауларына, әрбір оқушының шын мәнінде уақыт талабына сай адам болып тәрбиеленуі мен білім алуына негіз болады. Бағдарлама мұғалімдердің жан-жақты ұлттық педагогикалық бағытта жұмыстар жүргізуіне, сәндік қолданбалы өнерлері мен ұлттық дәстүріміз арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдері мен технологияларға негізделген.

2. Глоссарий

Қиып жапсыру (аппликация)- жабыстыру немесе қиыстыру арқылы орындалған көркем шығарма.

Ермексаз-саз балшықтаң, майдан және басқа қоспалардан дайындалған, жасанды жұмсақ масса.

Гобелен- сурет салып тоқылған кілем Париждік бояушылардың атымен аталған.

Коллаж- әр түрлі маталарды жапсыру арқылы орындалған көркемдік жұмыс.

Икебана- кептірілген өсімдіктерді пайдалану арқылы орындалған көркемдік жұмыс.

Дизайн- заттардың көркемдік үлгісін жасау.

Мүсін өнері- латынша кесу, шабу, жөну деген мағынаны білдіреді.

Мүсін- кеңістікте сомдалған көркем шығарма.

Рельеф-бедерлі мүсін.

Барельеф- жартық бетінде аз мөлшерде шығып тұратын жазық бейне.

Горельеф- жазықтық бетінен аз көлемінің жартысынан көп бөлігі шығып тұрса.

Форма- нәрсенің сыртқы пішіні.

Эскиз- жобалық сурет.

Композиция - латынның ою- өрнек бір заттың беттіне реттеп орналастыру.

Батик- матаға бояумен салынған сурет.

Бисквитті қамыр - көтеріліу үшін шайқаған белок қосылады.

Бланшірлеу - аз уақытта (1-6минутке дейін) қайнаған су мен бу мен өндеу шикізаты.

Жейде - кеудеше. - Ол жеңді, жеңсіз, түймелі және түймесіз болады, дененің үстінгі жартысын жауып тұратын киім түрі.

Вискозды мата - ағаш талшығы (шыршалы) мен химиялық заттан жасалған.

Күйдіру-қызған затпен белгі, сурет өрнегің салу.

Өндіру - бір өнімнің жасалуына кеткен уақыт мөлшері.

Гигиеналық талап - киімге сай бағыттаған талап. Яғни киім адам денесіне ыңғайлы, жайлы болуы жұмсақ, жеңіл болуы.

Гиматий - ерлердің грекше жоғары жабыны (төртбұрышты плащ).

Тігін өндірісіндегі негізгі технологиялық дайындауды оқудағы басты мақсат- оқушылардың жағалы және белді заттарды өз бетімен тігуді үйренуді деген сөз.

Екі қатар тігіс-тарқатылған мата мен ішкіімдерді тігуге қолданатын тігіс.

Дымдау-дайын болған бұйымның тігістерін жатқызу үшін сулау.

Сәндік гүлді өсімдіктер - өсімдіктің азғана тобы, сәнді тиімді гүлдендіру үшін өсірілетін.

3. Бағдарламаның тақырыбы

№	Сабақтың тақырыптары
Нормативтік-құқықтық модуль	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ ЗПК (өзгерістер мен толықтыруларымен 21.02.2019 ж.) Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы)
Психологиялық-педагогикалық модуль	Көркем еңбек білім беру бағдарламасы ның міндеттері мен оларды жүзеге асыру. Көркем еңбек пәнін оқытудың білім беру тұжырымдамалық негіздері.

	Көркем еңбекті оқыту теориясы мен әдістемесі. педагогикалық ғылым саласы және басқа ғылымдармен байланысы. Көркем еңбекті оқыту әдістемесінің даму тарихы
	Көркем еңбекті оқытудың педагогикалық және психологиялық негіздері. Оқытудың дидактикалық шарттары туралы түсінік. Көркем еңбек оқу пәнін оқытудың дидактикалық шарттары.
	Көркем еңбек білім беру мазмұны. Көркем еңбек оқу пәнін ұйымдастыру мен оқу жүктемесі. Көркем еңбек оқу пәнінің оқыту мақсаттар жүйесі. Көркем еңбек оқу пәнін оқытудың жоспарлары.
	Көркем еңбек пәнін оқытудың дидактикалық жүйесі. Оқытудың дидактикалық қағидалары туралы түсінік. Көркем еңбек оқу пәні мұғалімінің әдістемелік қызметі. - Визуалды өнер бөлімі.- Визуалды өнер түрінен бұйым жасау (еркін тақырып)
	Көркем еңбекті белсенді оқыту түрлері Сабақтың негізгі типтері мен олардың ерекшеліктері. Көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік. Сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу. Ұлттық қол өнер бұйымдарын жасау технологиясы.
Мазмұндық модуль	«Көркем еңбек» пәні сабағында жобалар әдісін пайдаланудағы күзиреттілігінің құрылымы. Жобамен жұмыс.
	Көркем еңбекті оқытудың дәстүрлі және белсенді әдістері. Көркем еңбекті үйретудің белсенді әдіс-тәсілдерінің мәні мен құндылықтары. -Дизайн және технология; (ер балалар) бөлімінің мазмұны: -«Дизайн және технология» (қыз балалар) бөлімінің мазмұны:
	-«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (ер балалар): -«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (қыз балалар): -«Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұны:
	Көркем еңбек оқу пәнінің материалдық ресурстары. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (www.nao.kz), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының

	(smk.edu.kz), bilimland.kz, сайттарына тіркелу, жұмыс жасау. Ұзақ мерзімді жоспардың атқаратын қызметі Орта мерзімді жоспардың атқаратын қызметі. Қысқа мерзімді жоспармен байланыстығы
	Кәсіптік оқыту білім беру және кадрлар даярлау негіздерін зерделеу инновациялық оқу-әдістемелік құралдар мен арнайы құралдарды қолдану әдісі.
Технологиялық модуль	Педагогикалық технологиялар және ақпараттық коммуникативтік технологиялар Оқытудың инновациялық әдістері: Курс барысында, Кейс-технология – мәтіндік, аудиовизуалды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығын (кейстерді) пайдаланылады. Төңкерілген оқыту (Flipped Learning) – аралас оқыту технологиясы (Blended Learning), онда тікелей білім беру топтық білім беру кеңістігінен жеке тұлғаға ауысады, ал топтық оқыту кеңістігі динамикалық интерактивті ортаға айналады. (Learning Platform) – оқу материалдарын сақтауға, ақпарат алмасуға, тапсырмаларды орындауға, сақтауға және тапсыруға болатын онлайн сервистерді қолдану. Желілік технология - бұл оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, тыңдаушылардың бір-бірімен интерактивті өзара әрекеттесу формаларын, сонымен қатар Интернетті қолдануға негізделген оқу процесін басқаруды қамтитын технологияны қолдану. Visme Powtoon, Canva және т.б. қосымшаларды пайдаланып презентациялар мен инфографика құруды қолдану. Google, қосымшаларды пайдаланып Jamboard тақтасын топтық, жеке жұмыста қолдану. Портфолио - оқытушылардың білім беруді ұйымдастырудағы, өзін-өзі бағалау құралы ретінде.
Практикалық модуль(вариативтік)	Қол өнер бұйымдарын жасау технологиясы. Киізден бұйым жасау. Киізге инені нұқып басу (филцевания) технологиясымен картиналар жасау. Киізден кәде сыйлар жасау технологиясы (киіз үй, ойыншықтар т.б.) Тыңдаушылар еркін тақырыпта шеберлік сынып ұйымдастырып қол өнер бұйымдарын жасау тәжірбиесімен бөлісу.
Оқыту нәтижелерін	Көркем еңбек пәні бойынша оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау. Критериалды

бақылау мен бағалау модулі:	бағалаудың қағидалары
	Бағалау модельдері, формасы мен әдістері.
	Тестілеу, бағалау критерийлері, кері байланыс және рефлексия.
	Барлығы:

4. Мақсат, міндеттер және Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты тұлғаның психологиясы бойынша білімнің тереңділігі мен педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану негізінде

«Көркем еңбек» оқу пәнінің жалпы мақсаты - жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, өндіріс пен қоғамның арасындағы байланысын түсінуі сонымен қатар қоршаған ортаға технологияның әсерін білу, технологиялық сауаттылығын қалыптастыра отырып, жауапкершілікке, тиянақтылыққа, қоғамның арасындағы байланысын түсінуі сонымен қатар қоршаған ортаға технологияның әсерін білуге тәрбиелеу болып табылады.

Бағдарлама мақсатына жету үшін келесі міндеттер айқындалған: заманауи кезеңдегі Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеуді жаңғыртуы жайында, білімнің нормативті-құқықтық базасына сүйене отырып, басты құндылықтар туралы түсініктерін кеңейту;

-оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың нормативтік - құқықтық құжаттарымен таныстыру;

-оқушы тұлғасының, әлеуметтік және кәсіби қалыптасу проблемаларын түсіну негізінде өзіндік саналылығы мен өмірлік тәжірибесінің бірлігі арқылы қабілеттерін дамыту.

- оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде білім беру қорының мүмкіндіктерін ашу;

- «Көркем еңбек» пәні мұғалімдерінің ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың тәрбиелеу жолдарымен таныстыру.

- оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде ақпараттық коммуникациялық технологияны (әрі қарай АКТ) пайдалануын жетілдіру.

-технологиялық жүйелік ойлау қабілетін қалыптастыру,

- жобалық қызметті ұйымдастыру, графикалық мәдениетін қалыптастыру, технологиялық және техникалық қызмет аймағында сұранысқа сәйкес қолданбалы міндеттерін шеше білуін қалыптастыру;

3. Күтілетін нәтиже:

1) Курсты аяқтаған соң тыңдаушы:

- біледі:

- қазіргі сабақты ұйымдастыру мен жобалау әдістерін;

- көркем еңбек оқыту процесі мазмұнын әдістемесін;

2) істей біледі:

-көркем еңбек мұғалімінің нәтижеге мақсатталған оқу іс -әрекетін жоспарлау;

- оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әр түрлі формаларын пайдалану;
- АКТ бағдарламаларын қолдану, интернет ресурстарын қолдану;
- технологиялық- педагогикалық қызмет жетістіктерін көрсету;
- меңгереді:

- көркем еңбек сабақтарында сәндік қолданбалы өнерлері мен ұлттық дәстүріміз арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдері мен инновациялық технологияларды жобалар әдісін пайдаланудағы күзіреттілігінің құрылымын пайдалана отырып, оқу сабақтарын ұйымдастырудың түрлі формаларын.

5. Бағдарламаның құрылымы мен тақырыбы

Бағдарлама мазмұны:

1. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) практикалық;
- 6) білім нәтижелерін бақылау және бағалау.

1. Нормативтік-құқықтық модуль білім берудің нәтижелерін бақылау мен бағалауды талдаудың басты принциптеріне бағытталған.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы

27 желтоқсандағы № 988 қаулысы)

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ЗПК (өзгерістер мен толықтыруларымен 21.02.2019 ж.)

ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Еңбек кодексі қарастырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. Астана 2023 ж.

2. Психологиялық-педагогикалық модульде: тыңдаушылардың оқытуды аналитикалық қарастыру, оқу процесіне жаңаша қарап, жаңа көзқараспен тыңдаушының интеллектуалдық күшін кеңейту, тыңдаушылардың сыни және шығармашылық ойлауын мадақтау, күрделі мәселелерді алға қойып және оны шешуге мүмкіндік беретін әр түрлі құрылымдар жіктеледі:

Көркем еңбек мұғалімінің біліктілігін жоғарылату курсы жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық модульдің орны;

Көркем еңбек мұғалімінің біліктілігін жоғарылату курсының педагогикалық және дидактикалық негіздері;

Модульдің ішкі құрылымының теориялық-әдіснамалық мәселелері.

3. Мазмұндық модуль оқыту сапасын жақсартатын заманауи тұрғы мен әдістерді пайдаланып жасалған. Тыңдаушыларға оқу жетістіктерін және оқу процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін тиімді стратегиялар, құралдар мен білім беру технологиялары ұсынылады. Оқытуда «Дайын білімді беру» тұжырымдамасынан «білім беру - қалыптастыру» тұжырымдамасына өтуде инновациялық тұрғылар ұсынылады.

Мазмұндық модульде қарастырылатын сұрақтар:

1) қоғамды әлеуметтік жаңғырту кезеңіндегі көркем еңбекті оқытуды ғылыми қамтамасыз ету. ХХІ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның ғылымы, білімі мен мәдениеті.

2) Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау. Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалауға критериялды қатынас.

3) Көркем еңбек мұғалімінің педагогикалық қызметіндегі Блум таксономиясы.

4) Көркем еңбек білім беру жүйесіндегі Case-study әдісі. Кейстің құрылымы мен мазмұны, SMART мақсат, бағалау тәртібі;

5) Қазақстандық оқушылардың білім сапасын анықтаудағы халықаралық зерттеулердің (PISA, TIMSS, PIRLS) рөлі;

6) Көркем еңбек білім беру негіздерін оқып үйренуде инновациялық оқу-көрнекілік пен арнайы құралдарды қолдану әдістемесі.

4.Технологиялық модуль педагог - Технология мұғалімінің кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру мен қолдана білуге арналған.

Технологиялық модульде келесі мәселелер бойынша практикалық тапсырмалар орындалады:

1) Педагогтың АКТ құзыреттілігін жоғарылату. Технология сабағында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану жолдары. Оқу процесінде интерактивті компьютерлік технологияларды қолдану.

2) Power Point бағдарламасын таныстырылым құру үшін, интернетті форум жүргізу және қауымдастық құру үшін пайдалану;

3) портфолио - білім беруді ұйымдары педагогтарының өзін-өзі бағалау құралы ретінде.

5. Практикалық модуль (вариативтік): Практикалық сабақтар барысында қазіргі заманғы технологияларды зерттеу.

1) Кәсіптік оқыту қызметінің түрлі аспектілері бойынша мастер-кластар, тренингтер.

2) Орта мектепте технология сабағында компьютерлік технологияларды пайдалану бойынша шебер-сыныптар өткізу;

3) Әр түрлі жобалар жүзеге асыру: ғылыми-зерттеу, шығармашылық, рөлі, ақпарат; интеграцияланған оқыту әдістерін қолдану;

6. «Білім беру нәтижелерін бақылау мен бағалау» модулі: білім беру нәтижелерін бақылау мен бағалаудың басты принциптерін талдауға бағытталған және келесі тақырыптарды қамтиды: модельдер, бақылау мен бағалаудың түрлері мен әдістері, бағалау критерийлері, кері байланыс және рефлексия.

6. Оқу процесін ұйымдастыру.

Білім беру процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес 80 сағатқа, Бағдарламаның №1 қосымшасына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру процесінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өткізіледі: өзіндік жұмыс, шағын (мини) – сабақ, шағын іс шара және қорытынды емтихан.

Тыңдаушыларға өз бетінше орындайтын жұмысқа арналған case-study жасалымы (тыңдаушының таңдауы бойынша) тапсырылады:

1) көркем еңбек сабақтарында интерактивті технологияларды пайдалану жасалымы;

2) көркем еңбек сабақтарында денсаулық сақтау технологияларын қолдану сабағының жасалымы;

3) оқушы жастарды көркем еңбек сабақтарында және басқа да пән сабақтарында технологиялық-педагогикалық тәрбиелеу;

4) пән бойынша шығармашылық тапсырмалармен жұмыс (таныстырылымдар, сабаққа арналған демонстрациялық материалдар)

5) адамгершілік және Отанға деген сүйіспеншілік тәрбиесі бойынша кіші мектеп жасындағы балаларға арналған сыныптан тыс іс - шара әзірleme дайындау;

Оқыту процесінде тыңдаушыға тақырып бойынша (тыңдаушының таңдауы бойынша) жобалау жұмысын орындау ұсынылады:

1) көркем еңбек сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

2) көркем еңбек интерактивті технологияларды қолданып өткізудің әдістері мен ерекшеліктері.

3) көркем еңбек сабағындағы педагогикалық жұмыстар;

4) көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзыреттілік деңгейін жоғарылату негізінде сабақ мазмұнын жетілдіру деңгейі;

5) көркем еңбек мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі;

6) көркем еңбек сабақтарында мәселелік оқыту технологияларын пайдалану;

7) Б.Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар модельдері;

8) көркем еңбек сабағын өткізудің формалары, әдістері, әдістемесі мен мазмұны;

Қорытынды емтихан өткізу үшін №2 қосымшаға сәйкес емтихан тапсырмалары ұсынылған.

Білім беру үрдісін жүзеге асырудың формалары мен әдістері

Білім беру процесіне оқытудың интерактивті әдістері кіреді: пікірталас, «миға шабуыл», рөлдік ойындар, тренингтер, кейс стади, жоба әдістері, бейне фильмді талқылау, мәселені бірлесіп шешу және т.б.

Аудитория ерекшелігін ескере отырып, (онлайн, офлайн) оқыту барысында тыңдаушыларға логикалық қорытынды жасауға, өз тәжірибесіне

сүйеніп мазмұндау және алынған іскерлікті аудитория жағдайында тәжірибелік сабақтар мен аудиториядан тыс жұмыстарды байқап көруге мүмкіндік беріледі.

Білім беру үрдісі тыңдаушылардың күндізгі сабақтары мен өзіндік жұмыстармен үйлестіреді. Бағдарлама заманауи білім беру технологияларымен оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы жетуге болатын біліктілікті жоғарлатудың құзыреттілік моделіне бағытталған іс-әрекеттік қатынасқа негізделген: шағын топтағы жұмыс, дидактикалық ойындар, кері байланыс, күрделі және даулы сұрақтар мен мәселелер, шебер сынып «Дөңгелек үстел», кейс-стади, жобалау әдісі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

№	Сабақтың тақырыптары	Лекциял ық сабақ	Практ- лық сабақ	Барлық сағ.сан ы
1	Нормативтік-құқықтық модуль	2	2	4
	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ЗПК (өзгерістер мен толықтыруларымен 21.02.2019 ж.) Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы)	2	2	4
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	10	10	20
2.1	Көркем еңбек білім беру бағдарламасының міндеттері мен оларды жүзеге асыру. Көркем еңбек пәнін оқытудың білім беру тұжырымдамалық негіздері. Көркем еңбекті оқыту теориясы мен әдістемесі. педагогикалық ғылым саласы және басқа	2	2	4

	ғылымдармен байланысы. Көркем еңбекті оқыту әдістемесінің даму тарихы			
2.2	Көркем еңбекті оқытудың педагогикалық және психологиялық негіздері. Оқытудың дидактикалық шарттары туралы түсінік. Көркем еңбек оқу пәнін оқытудың дидактикалық шарттары.	2	2	4
2.3	Көркем еңбек білім беру мазмұны. Көркем еңбек оқу пәнін ұйымдастыру мен оқу жүктемесі. Көркем еңбек оқу пәнінің оқыту мақсаттар жүйесі. Көркем еңбек оқу пәнін оқытудың жоспарлары.	2	2	4
2.5	Көркем еңбек пәнін оқытудың дидактикалық жүйесі. Оқытудың дидактикалық қағидалары туралы түсінік. Көркем еңбек оқу пәні мұғалімінің әдістемелік қызметі. - Визуалды өнер бөлімі. Визуалды өнер түрінен бұйым жасау (еркін тақырып)	2	2	4
2.6	Көркем еңбекті белсенді оқыту түрлері Сабақтың негізгі типтері мен олардың ерекшеліктері. Көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік. Сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу. Ұлттық қол өнер бұйымдарын жасау технологиясы.	2	2	4
3	Мазмұндық модуль	10	10	20
3.1	«Көркем еңбек» пәні сабағында жобалар әдісін пайдаланудағы құзіреттілігінің құрылымы. Жобамен жұмыс.	2	2	4
3.2	Көркем еңбекті оқытудың дәстүрлі және белсенді әдістері. Көркем	2	2	4

	еңбекті үйретудің белсенді әдіс-тәсілдерінің мәні мен құндылықтары. -Дизайн және технология; (ер балалар) бөлімінің мазмұны: -«Дизайн және технология» (қыз балалар) бөлімінің мазмұны:			
3.3	-«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (ер балалар): -«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (қыз балалар): -«Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұны:	2	2	4
3.4	Көркем еңбек оқу пәнінің материалдық ресурстары. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (www.nao.kz), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының (smk.edu.kz), bilimland.kz , сайттарына тіркелу, жұмыс жасау. Ұзақ мерзімді жоспардың атқаратын қызметі Орта мерзімді жоспардың атқаратын қызметі. Қысқа мерзімді жоспармен байланыстығы	2	2	4
3.5	Кәсіптік оқыту білім беру және кадрлар даярлау негіздерін зерделеу инновациялық оқу-әдістемелік құралдар мен арнайы құралдарды қолдану әдісі.	2	2	4
4	Технологиялық модуль	9	9	18
4.1	Педагогикалық технологиялар және ақпараттық коммуникативтік технологиялар	2	2	4
4.2	Оқытудың инновациялық әдістері: Курс барысында, Кейс-технология – мәтіндік, аудиовизуалды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығын (кейстерді) пайдаланылады. Төңкерілген оқыту (Flipped	5	5	10

	Learning) – аралас оқыту технологиясы (Blended Learning), онда тікелей білім беру топтық білім беру кеңістігінен жеке тұлғаға ауысады, ал топтық оқыту кеңістігі динамикалық интерактивті ортаға айналады. (Learning Platform) – оқу материалдарын сақтауға, ақпарат алмасуға, тапсырмаларды орындауға, сақтауға және тапсыруға болатын онлайн сервистерді қолдану. Желілік технология - бұл оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, тыңдаушылардың бір-бірімен интерактивті өзара әрекеттесу формаларын, сонымен қатар Интернетті қолдануға негізделген оқу процесін басқаруды қамтитын технологияны қолдану. Visme Powtoon, Canva және т.б. қосымшаларды пайдаланып презентациялар мен инфографика құруды қолдану. Google, қосымшаларды пайдаланып Jamboard тақтасын топтық, жеке жұмыста қолдану.			
4.3	Портфолио - оқытушылардың білім беруді ұйымдастырудағы, өзін-өзі бағалау құралы ретінде.	2	2	4
5	Практикалық модуль(вариативтік)	0	12	12
5.1	Қол өнер бұйымдарын жасау технологиясы.Киізден бұйым жасау. Киізге инені нұқып басу (филцевания) технологиясымен картиналар жасау.		4	4
5.2	Киізден кәде сыйлар жасау технологиясы (киіз үй, ойыншықтар т.б.)		4	4
5.3	Тыңдаушылар еркін тақырыпта шеберлік сынып ұйымдастырып қол өнер бұйымдарын жасау		4	4

	тәжірбиесімен бөлісу.			
6	Оқыту нәтижелерін бақылау мен бағалау модулі:	3	3	6
6.1	Көркем еңбек пәні бойынша оқушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау. Критериалды бағалаудың қағидалары	1	1	2
6.2	Бағалау модельдері, формасы мен әдістері.	1	1	2
6.3	Тестілеу, бағалау критерийлері, кері байланыс және рефлексия.	1	1	2
	Барлығы:	34	46	80

8. Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін бағалау критерийлері мен бағдарламаны меңгеру өлшемдері жасалады.

Өзіндік жұмысты жүргізу үшін келесі критерийлер айқындалады:

- 1) жүзеге асырылмаған - 0 балл;
- 2) ішінара жүзеге асырылған -1 балл;
- 3) толық жүзеге асырылған - 2 балл.

Білімді меңгеру деңгейін анықтауға келесідей өлшемдер қолданылады:

- 1) оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруі;
- 2) практикалық тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімді пайдалануы;
- 3) материалдың практикалық мәнділігі;
- 4) мәселені баяндауының негізделуі, толықтығы, анықтығы;
- 5) талаптарға сәйкес рәсімделуі.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысты орындауы бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл, (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 балл, (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл, (50-74%).

Жоба жұмыстарын өткізуде төмендегідей критерийлер 1, 2 балл және өлшемдер айқындалған:

- 1) мәселені түсінеді және мәселені таңдауын түсіндіреді;
- 2) жағдаятты талдау негізінде қайшылықтарды атайды;
- 3) мәселенің туындау себептерін атайды;
- 4) мәселені тұжырымдайды, оның себептерін талдайды;
- 5) мақсатты тұжырымдайды және түсінеді;
- 6) міндеттер мақсатқа сәйкес;
- 7) мақсатқа жетуге көз жеткізу тәсілдерін ұсынды;

- 8) мәселелерді шешу тәсілдерін ұсынды;
- 9) стратегия ұсынды;
- 10) жобамен жұмыс істеу туралы айтып берді;
- 11) әрекет қадамдарының тәртібін анықтады;
- 12) қадамдарды ұсынды және кейбір ресурстарды көрсетті;
- 13) ресурстарды негіздеп берді;
- 14) ағымдағы бақылауды жоспарлады;
- 15) күтілетін нәтижемен өнімді салыстырды;
- 16) өнімнің ойдағымен сәйкестігі туралы қорытынды жасады;
- 17) өнімді бағалаудың критерийлерін ұсынды;
- 18) өнімнің критерийге сәйкестігін бағалады;
- 19) критерийлер жүйесін ұсынды;
- 20) алынған нәтижелер мәні;
- 21) күтілетін өнімді сипаттады;
- 22) өнімді қалай қолданатынын айтып берді;
- 23) өнімді тұтынушылар мен пайдалану аясын негіздеп берді;
- 24) өнімді пайдалану бойынша пікір білдірді;
- 25) алға жылжуды жоспарлады немесе қолдану шекарасын көрсетті.

Тыңдаушылардың жоба жұмыстарын орындауы бойынша білімдерін бағалау балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 47-50 балл, (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 36-47 балл, (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 25-36 балл, (50-74%).

Курс тыңдаушылары шағын-сабақты (шағын-шараны) презентациялау кезінде сабақтың, шараның түрлі кезеңдерін жоспарлау және білім мазмұнын жасаңартуды есепке алып оқыту бойынша үзінді көрсетеді.

Курс тыңдаушылары шағын-сабақтарды, шағын-іс-шараны презентациялауы үшін келесідей критерийлер анықталған:

- 1) дағдылардың қалыптасу деңгейі -0 балл, осы сабақта қолдануға келмейді;
- 2) 1 балл- дағдыланған;
- 3) 2 балл- дағды дамуда;
- 4) 3 балл – дағды қалыптасқан

Шағын сабақты, шағын іс-шараны презентациялау кезінде білімді меңгеру деңгейін бағалауға төмендегі өлшемдер алынған:

- 1) ақпаратты түсінікті жеткізуі;
- 2) нұсқауды анық және дәл беруі;
- 3) қатысушылардың түсінгендерін анықтай алуы;
- 4) аудиторияның қызығушылығын тұрақты ұстауы;
- 5) ұйымдастырылған шараның уақытын тиімді басқара алуы;
- 6) кері байланыстың нәтижелігі;
- 7) өзара сыйластық, ынтымақтастық және қолдау климатын жасауы;
- 8) шараның мақсатын қоюы және күтілетін нәтижені белгілеуі;
- 9) шараны ұйымдастыруда белсенді стратегиялары мен жаттығуларын ретімен және нәтижелі қолдануы;

- 10) қатысушылардың сұрақтарына жауап беруі, мәселелер мен келіспеушіліктердің шешімін табуы;
- 11) ашық сұрақтарды қолдануы;
- 12) талқылауды/тапсырмаларды орындауды нәтижелі аяқтауы және оқытудың кезеңдері арасында байланыс орнатуы;
- 13) ойлануға және өзін-өзі бағалауға жеткілікті уақыт береді.

Тыңдаушылардың шағын сабақтарды (шағын іс-шараны) презентациялауы бойынша білімдерін бағалау, балдарды бесбалдық жүйеге төмендегідей аудару арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 35 – 39 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 29 – 34 балл (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 20 – 28 балл (50-74%).

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдау online режимінде, қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол үшін WhatsApp желісі және e-mail қызметі қолданылады. Курстан кейінгі қолдаудың міндеттері:

- жеке бағдарламасы «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған тыңдаушыға әдістемелік көмек көрсету; ол үшін курстың озат тыңдаушылары және өнімі төмен бағаланған тыңдаушымен бірге қызмет ететін әріптестері (курстың бұрынғы немесе қазіргі озат тыңдаушылары) 1 ай мерзім ішінде менторлық сүйемелдеуді жүзеге асырады. Курстан кейінгі қолдау форматы, нысандары мен әдістері жағдайға қарай икемделуі мүмкін.

Курстың инновациялық толтырылуы

Дәріс сабақтарының презентациялары;

Тәжірибелік сабақтардың тапсырмалары;

ТӨЖ тақырыптары.

Қолданылатын технологиялардың тізімі: дамыта оқыту, сараланған оқыту, СТО.

Интерактивті әдістер: кейс-стади, Smart мақсат, SWOT-талдау, Брейнштурминг

Инновациялық тәжірибелер: трансформациялық жаттығулар, іскерлік ойындары, эзотерикалық техникалар

10. Әдебиеттер тізімі

1. Аудиториялық сабақтарда және аудиториядан тыс уақытта өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру үшін төмендегідей әдебиеттер ұсынылады:

Негізгі әдебиеттер

1.Искакова, Л.М. т.б. Кәсіптік оқыту әдістемесі : Оқу құралы. / А.М. Искакова, Г.К. Кудиярбекова, Н.А. Дубинец; С.Торайғырова атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. - Павлодар: Кереку, 2018. - 81 б. - ISBN 978-601-238-853-4. <http://rmebrk.kz/book/1174293>

2.Мұратбаева, Г.А. Кәсіптік педагогика : Оқу құралы. . - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016. - 180 б. - ISBN 978-601-7796-02-0. <http://rmebrk.kz/book/1136164>

3.Самашова, Г.Е. Кәсіптік оқыту әдістемесі : Электрондық оқулық. / Г.Е. Самашова, С.М. Ударцева, С.К. Құрымбаева. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2015. <http://rmebrk.kz/book/1146086>

4.Байдалиев, Қ.А.Көркем еңбекті оқыту теориясы мен әдістемесі : Оқу құралы. . - Орал: БҚАТУ РМК, 2019. - 396 б. - ISBN 978-601-319-178-2. <http://rmebrk.kz/book/1173016>

5.Адамқұлов Н.М. Технология пәнін оқыту әдістемесі [Мәтін]:Оқулық/ Н.М. Адамқұлов, Ж.К. Сімова. - Алматы : Отан, 2016. - 135б. - ISBN 978-601-232-255-2 (10дана)

6. Адамқұлов Н.М. Технология пәніне арналған әдістемелік кеңес [Мәтін] : Оқу құралы / Н.М. Адамқұлов. - Алматы : Отан,2016.-107б.-ISBN978-601-232-255-2: (10дана)

7.Адамқұлов Н.М.Мектептегі технология [Мәтін] : ҚР жалпы білім беретін мектептердегі "Технология" пәні мұғалімдеріне арналған оқулық / Н. Адамқұлов. - Алматы : Отан, 2016. - 138б. - ISBN 978-601-232-255-2 (15дана)

Қосымша әдебиеттер

1.Адамқұлов Н.М. Оқушыларды қолөнерге үйрету әдістемесі [Мәтін]:Технология пәніне арналған оқулық / Н.М. Адамқұлов. - Алматы : Отан, 2017. - 128б. - ISBN 978-601-216-264-6: <http://elib.dulaty.kz/>

2.Адамқұлов Н.М.Ұлттық қолданбалы қолөнері [Мәтін] : Оқу құралы / Н.М. Адамқұлов. - Астана : Отан, 2016. - 122б. - ISBN 978-601-7860-14-1: <http://elib.dulaty.kz/>

3.Байжуманова, Н.С. ж.б.Кәсіптік оқыту жүйесіндегі педагогикалық менеджмент: Электрондық оқулық. / Н.С. Байжуманова, М.С. Нұрмағанбетова, Т.А. Чаусова. - Қарағанды: ҚарМТУ, 2013. <http://rmebrk.kz/>

4.Өстеміров, К.Кәсіптік оқыту әдістемесі : Оқулық. . - Алматы: РАДиАЛ, 2006. - 240 б. - (Кәсіптік білім). - ISBN 9965-741-38-7. <http://rmebrk.kz/>